

Қызылорда облысы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның, арнайы мониторингтік тобы мен кәсіпкерлер құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің бірлескен отырысының ХАТТАМАСЫ

Қызылорда облысы әкімдігі
мәжіліс залы

2018 жылғы 24 шілде

Қызылорда облысы әкімі Қ.Е. Көшербаев төрағалық етті.

Қатысушылар: тізім бойынша

I. «2017 жылдың және ағымдағы жылғы 6 айдың қорытындысымен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар мен жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жағдайы туралы».

(Көшербаев, Дүйсебаев, Әбдіқалықов)

1. Қызылорда қаласы мен аудандар әкімдеріне, облыстық басқарма басшыларына:

1) Сыбайлас жемқорлық көріністерін төмендету мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен «Электронды үкімет» порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесі арттырылсын *(орындалу мерзімі – үнемі)*;

2) Сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде ұйымдастырылатын шаралардың толық техникалық ерекшелікке сай орындалуы қадағалансын *(орындалу мерзімі – үнемі)*;

3) Мемлекеттік сатып алуды іске асыру, шарттар жасасу, атқарылған жұмыс актілеріне және төлем шоттарына қол қою барысында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіптер сақталсын және жүйелі түрде талдау жүргізілсін *(орындалу мерзімі – үнемі)*;

4) Есепті кезеңдерде бюджет қаржысын игеру мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмеуі қадағалансын *(орындалу мерзімі – үнемі)*;

5) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 22-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес барлық мемлекеттік органдарға өз құзыреті шегінде міндеттелген сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимылды жүргізу жұмыстары жандандырылсын (*орындалу мерзімі – 2018 жылдың 20 тамызы*).

2. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың орындалуы туралы ақпаратты облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс органы – облыс әкімі аппаратына жолдансын (*орындалу мерзімі – 2018 жылдың 15 қыркүйегі*).

II. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясын іске асырылуына сыртқы талдау және бағалау жөніндегі арнайы мониторингтік топтың атқарған жұмысы туралы»

(Көшербаев, Ізден)

1. Қызылорда облысының білім (*М.Мелдебекова*) және жастар саясаты мәселелері басқармалары (*Қ.Жанұзақов*), Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері облыстағы орта мектептер мен арнаулы орта оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік төзімділікті» қалыптастыру мақсатында балалар мен жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қосымша оқулар ұйымдастырылсын (*орындалу мерзімі – 2018 жылдың 5 қазаны*).

2. Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау (*С.Құлымбетова*), облыстық ішкі саясат басқармалары (*Т.Маханов*), Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, Қызылорда облысының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті (*А.Мұхимов*) (*келісім бойынша*) бірлесіп облыстық, қала және аудандық арнайы мониторингтік топтар қызметін қамтамасыз етуге қаржы бөлу мәселесін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы қарастыруды зерттеп, ұсыныстар енгізілсін (*орындалу мерзімі – 2018 жылдың 10 қыркүйегі*).

3. Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы (*Т.Маханов*) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдастырылатын іс-шараларға халықты және үкіметтік емес ұйымдарды кеңінен қатыстыру жолдары қарастырылып, ұсыныстар енгізілсін (*орындалу мерзімі – 2018 жылдың 20 тамызы*).

4. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері қалалық және аудандық әкімдік жанындағы арнайы мониторингтік топтардың жұмысы жандандырылсын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы шаралар күшейтілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*).

5. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың орындалуы туралы ақпаратты облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс органы – облыс әкімі аппаратына жолдансын.

III. «Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлер құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің атқарған жұмысы туралы»

(Көшербаев, Едігеев)

1. Қызылорда қаласының әкімдігіне (Н.Нәлібаев):

1) «Облыс орталығын балабақшамен қамтамасыз ету» туралы жол картасы облыстық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп әзірленсін *(орындалу мерзімі – 2018 жылдың 1 қазаны);*

2) Қалалық білім бөлімімен Қызылорда қаласындағы 206 балабақшаға 2017 жылдың қараша-желтоқсан айларындағы 558 млн. теңге көлеміндегі қарызды өтеу мәселесі бақылауға алынып, облыстық білім басқармасымен бірлесіп шешу жолдары қарастырылсын *(орындалу мерзімі – 2018 жылдың 3 қыркүйегі);*

3) Облыстық білім басқармасымен бірлесіп 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру сомасын көбейтуді жүзеге асыру мәселесі қарастырылсын *(орындалу мерзімі – 2018 жылдың 15 қыркүйегі).*

2. Қызылорда облыстық мемлекеттік кірістер департаменті (С.Мұстафаев) (келісім бойынша) кәсіпкерлік субъектілердің жарнама төлемдері үшін негізсіз 2 есеге артық төлеу мәселесіне қатысты кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын заңға сәйкес қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастырсын *(орындалу мерзімі – 2018 жылдың 3 қыркүйегі).*

3. Қала және аудан әкімдері жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, құрамында жерге орналастыру жұмыстары бар тапсырыстарды «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен бір көзден шарттар жасасу тәжірибесі тоқтатылып, жерге құқық рәсімдеу жөніндегі мемлекеттік сатып алуларды мемлекеттік монополияға және бәсекелестік ортадағы қызметтер түрлері бойынша бөлінуін қамтамасыз етілсін *(орындалу мерзімі – тұрақты).*

4. Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасы (Ш.Қойшыбаев):

1) Жерге орналастыру саласындағы кәсіпкерлердің және «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы басшылығының қатысуымен арнайы жиын өткізіліп, заң бұзушылықтарды болдырмау шаралары қабылдансын *(орындалу мерзімі – 2018 жылдың 20 тамызына дейін);*

2) Жерге құқық рәсімдеу жөніндегі мемлекеттік сатып алулардың бірыңғай тәжірибесі қала және аудан әкімдіктеріне ұсынылсын *(орындалу мерзімі – 2018 жылдың 1 қыркүйегіне дейін).*

5. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың орындалуы туралы ақпаратты облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс органы – облыс әкімі аппаратына жолдансын.

Осы хаттаманың орындалуын бақылау комиссияның жұмыс органы – облыс әкімі аппаратына жүктелсін.

**Қызылорда облысының әкімі,
комиссия төрағасы**

Қ. Көшербаев

Результаты согласования

30.07.2018 11:00:42: Турабаев Е. Е. (Аппарат акима Кызылординской области) - - согласовано без замечаний